

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға 2006 жылға арналған қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 наурыздағы N 153 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес, асыл тұқымды өніммен (материалмен) қамтамасыз етуде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға 2006 жылға арналған қаражатты пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 3 н а у р ы з д а ғ ы

N 1 5 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға 2006 жылға арналған қаражатты пайдалану ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға қаражатты пайдаланудың 2006 жылға арналған ережесі (бұдан әрі - Ереже) асыл тұқымды мал шаруашылығын сақтау және дамыту мақсатында 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бағдарламасының 101 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және шегінде асыл тұқымды мал зауыттарына, малды асылдандырушы шаруашылықтарға, малды асылдандырушы және дистрибьютерлік орталықтарға (бұдан әрі - асыл тұқымды

мал шаруашылығы субъектілері) қаражат төлеудің (бұдан әрі - субсидиялау) жалпы шарттары мен тәртібін айқындайды.

2 . С у б с и д и я л а р :

1) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) құнын ішінара арзандатуға;

2) мал тұқымын асылдандыру ісін дамыту үшін сатып алынатын арнайы технологиялық, зертханалық жабдықтар (бұдан әрі - жабдықтар), сондай-ақ арнайы ауыл шаруашылығы техникасы мен ұйымдастыру техникасының (бұдан әрі - техника) қ ұ н ы н т о л ы қ ө т е у г е ;

3) малды асылдандырушы орталыққа асыл тұқымды бұқалар мен тұқымдық қошқарларды сатып алу және ұстау, олардың ұрықтары мен эмбриондарын алу, сақтау, пайдалану жөніндегі шығындарды толық өтеуге;

4) етті құс шаруашылығы бойынша малды асылдандырушы шаруашылықта (бұдан әрі - малды асылдандырушы шаруашылық) асыл тұқымды құстарды сатып алу және оларды күту жөніндегі шығындарды толық өтеуге;

5) Қостанай тұқымы бойынша асыл тұқымды мал зауытында (бұдан әрі - асыл тұқымды мал зауыты) асыл тұқымды жылқыларды өсіру, ұстау және жаттықтыру, тұқымдық айғырлардың ұрығын алу және сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеуге;

6) 2000 жылғы 1 қаңтардан кейін аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген салық берешегін (бұдан әрі - мерзімі ұзартылған салық берешегі) республикалық және жергілікті бюджеттерге өтеуіне арналады.

3. Осы Ереженің 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар асыл тұқымды өнімнің (материалдың) жергілікті атқарушы органдар мал тұқымын асылдандыру ісіне белгілеген квоталар шегінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құны бойынша нақты көлемін сатқаны үшін белгіленген тәртіппен аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілеріне төленеді.

4. Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне субсидия нормативтері осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

5. Асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері асыл тұқымды өнімді (материалды) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) бекіткен, төленетін субсидия мөлшеріне кемітілген баға бойынша дербес сатады.

6. Аудан, облыс бойынша ұсынылатын асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шартының, мақсатты пайдалану актісінің, асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы жиынтық актілердің нысандарын, сондай-ақ малды асылдандырушы орталықтың, малды асылдандырушы шаруашылықтың, асыл тұқымды мал зауытының бюджеттік қаражатын бөлудің жылдық сметаларын Министрлік бекітеді.

2. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға арналған субсидияларды пайдалану тәртібі

7. Асыл тұқымды өнімді (материалды) арзандатылған құн бойынша сатқанына
с ү б с и д и я а л у ү ш і н :

1) асыл тұқымды мал шаруашылығының субъектілері мәмілелердің жасалуына қарай, бірақ 2006 жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөліміне (бұдан әрі - бөлім) мынадай қ ұ ж а т т а р д ы :

асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шартын;
төлем құжаттарының көшірмелерін ұсынады;

2) бөлім ай сайын 5-күніне, бірақ 2006 жылғы 5 желтоқсаннан кешіктірмей, алдыңғы ай үшін бөлім басшысы бекіткен аудан бойынша асыл тұқымды өнімнің (материалдың) сатылғаны туралы жиынтық актіні және оны мақсатты пайдалану актісін сатып алу-сату шарттарының түпнұсқаларын қоса департаментке (басқармаға) ұсынады ;

3) облыстар әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы департаменті (басқармасы) (бұдан әрі - департамент (басқарма) ұсынылған құжаттарды тексереді, облыс бойынша асыл тұқымды өнімнің (материалдың) сатылғаны туралы жиынтық актіні жасайды және бекітеді, облыс бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы бекітілген жиынтық актілері бойынша, оларда көрсетілген көлемдер мен асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне нормативтер негізінде тиесілі бюджеттік ақшаның көлемін айқындайды және облыс бойынша белгіленген квоталар шегінде асыл тұқымды өнімді (материалды) сату және субсидияларды төлеу туралы біріктірілген жиынтық ведомості жасайды. Департамент (Басқарма) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына (бұдан әрі - Қазынашылық комитетінің аумақтық органы) мынадай құжаттарды:

осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес облыс бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сату және субсидиялар төлеу туралы біріктірілген жиынтық ведомості;

ақы төлеуге шотты ұсыну жолымен қаржыландыру жоспарына сәйкес тиісті асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің ағымдағы шотына тиесілі субсидияларды аударуды жүзеге асырады.

8. Малды асылдандырушы орталыққа асыл тұқымды бұқалар мен тұқымдық қошқарларды, жабдықтарды, техниканы сатып алуға арналған шығындарды толық өтеу үшін :

1) малды асылдандырушы орталық департаментке (басқармаға) отандық немесе шетелдік селекцияның асыл тұқымды бұқалары мен тұқымдық қошқарларын, жабдықтарды, техниканы Министрлікпен келісілген тізбе бойынша сатып алуға

арналған шарттарды бір данадан ұсынады;

2) департамент (басқарма) ұсынылған шарттарды он күн ішінде тексереді және асыл тұқымды бұқалар мен тұқымдық қошқарларды, жабдықтарды және техниканы сатып алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес малды асылдандырушы орталықтың ағымдағы шотына бюджеттік ақшаны аударады. Малды асылдандырушы орталық асыл тұқымды бұқалар мен тұқымдық қошқарларды, жабдықтарды, техниканы сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде департаментке (басқармаға) төлем құжаттары мен жеткізу актілерінің көшірмелерін ұсынады.

9. Малды асылдандырушы орталықта асыл тұқымды бұқалар мен тұқымдық қошқарларды ұстауға, олардың ұрығы мен эмбриондарын алуға, пайдалануға, сақтауға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) малды асылдандырушы орталық департаментке (басқармаға) асыл тұқымды бұқалар мен тұқымдық қошқарларды ұстау олардың ұрығы мен эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау жөніндегі есептемелердің бір данасын, сондай-ақ асыл тұқымды бұқалар мен тұқымдық қошқарларды ұстау, олардың ұрығы мен эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады;

2) департамент (басқарма) ұсынылған құжаттарды он күн ішінде тексереді және асыл тұқымды бұқалар мен тұқымдық қошқарларды ұстауға, олардың ұрығы мен эмбриондарын алуға, пайдалануға, сақтауға бюджеттік ақшаны қаржыландыру жоспарына сәйкес малды асылдандырушы орталықтың ағымдағы шотына аударады.

10. Малды асылдандырушы шаруашылықта асыл тұқымды құстарды, жабдықтар мен техниканы сатып алу жөніндегі шығындарды толық өтеу үшін:

1) малды асылдандырушы шаруашылық департаментке (басқармаға) асыл тұқымды құстарды, жабдықтар мен техниканы Министрлікпен келісілген тізбе бойынша сатып алуға арналған шарттарды бір данадан ұсынады;

2) департамент (басқарма) ұсынылған шарттарды он күн ішінде тексереді және асыл тұқымды құстарды, жабдықтар мен техниканы сатып алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес малды асылдандырушы шаруашылықтың ағымдағы шотына бюджеттік ақшаны аударады. Малды асылдандырушы шаруашылық асыл тұқымды құстарды, жабдықтар мен техниканы сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде департаментке (басқармаға) төлем құжаттары мен беру актілерінің көшірмелерін ұсынады.

11. Малды асылдандырушы шаруашылықта асыл тұқымды құстарды ұстауға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) малды асылдандырушы шаруашылық департаментке (басқармаға) асыл тұқымды құстарды ұстау жөніндегі есептемелердің бір данасын, сондай-ақ асыл тұқымды құстарды ұстау жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады;

2) департамент (басқарма) ұсынылған құжаттарды он күнтізбелік күн ішінде тексереді және қаржыландыру жоспарына сәйкес асыл тұқымды құстарды ұстауға

арналған бюджеттік ақшаны малды асылдандырушы шаруашылықтың ағымдағы шотына аударады.

12. Асыл тұқымды мал зауытына жабдықтар мен техниканы сатып алуға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) асыл тұқымды мал зауыты департаментке (басқармаға) жабдықтар мен техниканы Министрлікпен келісілген тізбе бойынша сатып алуға арналған шарттарды бір данадан ұсынады;

2) департамент (басқарма) жасалған шарттарды он күнтізбелік күн ішінде тексереді және жабдықтар мен техниканы сатып алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес асыл тұқымды мал зауытының ағымдағы шотына бюджеттік ақшаны аударады. Асыл тұқымды мал зауыты жабдықтар мен техниканы сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде департаментке (басқармаға) төлем құжаттары мен беру актілерінің көшірмелерін ұсынады.

13. Асыл тұқымды мал зауытында асыл тұқымды жылқыларды өсіруге, ұстауға, жаттықтыруға және айғырлардың ұрығын сақтауға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) асыл тұқымды мал зауыты департаментке (басқармаға) асыл тұқымды жылқыларды өсіру, ұстау, жаттықтыру және олардың ұрығын сақтау жөніндегі есептемелердің бір данасын және асыл тұқымды жылқыларды өсіру, ұстау, жаттықтыру және айғырлардың ұрығын сақтау жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады;

2) департамент (басқарма) ұсынылған есептемелерді он күнтізбелік күн ішінде тексереді және қаржыландыру жоспарына сәйкес асыл тұқымды жылқыларды өсіруге, ұстауға, жаттықтыруға және айғырлардың ұрығын сақтауға бюджеттік ақшаны асыл тұқымды мал зауытының ағымдағы шотына аударады.

14. Департамент (Басқарма) Қазынашылық комитетінің аумақтық органына осы Ереженің 8, 9, 10, 11, 12, 13-тармақтарына сәйкес субсидияларды төлеу үшін ақы төлеу шотын ұсынады.

15. Асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің республикалық және жергілікті бюджеттерге мерзімі ұзартылған салық берешегін өтеуі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) департаменттер (басқармалар) осы ережелер жарияланғаннан кейін бір ай ішінде 2000 жылғы 1 қаңтардан кейін аттестатталған және 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін мәртебесін жоғалтпаған асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің тізбесін бекітеді. Асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің бекітілген тізбесі облыстардың салық комитеттеріне ұсынылады;

2) асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері және тиісті салық органдары бюджеттер, салық түрлері мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақылар мен айыппұлдар бөлінісінде мерзімі ұзартылған салық берешегінің

салыстыру актілерін жасайды. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органдары осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жергілікті салық органдарының асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерімен салыстыру актілерінің тізілімдерін бекітеді;

3) облыстардың салық комитеттері департаменттермен (басқармалармен) бірлесіп, осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бюджеттер, салық түрлері мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімақылар мен айыппұлдар бөлінісінде мерзімі ұзартылған салық берешегінің сомасын көрсете отырып, үш данада жиынтық салыстыру актісін жасайды және оған қол қояды;

4) облыстардың салық комитеттері департаменттерге (басқармаларға) асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің және ақы төлеуге шотты толтыру үшін қажетті көрсетілген субъектілерді тіркеу есебінің жері бойынша тиісті салық органдарының деректемелерін береді;

5) департаменттер (басқармалар) Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарына асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері үшін мерзімі ұзартылған салық берешегін өтеуге жиынтық салыстыру актісінің бір данасы мен ақы төлеуге шотты ұсынады.

16. Департаменттер {басқармалар} ай сайын 10-күніне, бірақ 2006 жылғы 10 желтоқсаннан кешіктірмей, асыл тұқымды өнімді (материалды) сатуға және субсидияларды төлеуге арналған біріктірілген жиынтық ведомостердің көшірмелерін, бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті Министрлікке ұсынады, сондай-ақ субсидияларды төлеуге ұсынылған құжаттардың растығы үшін жауапты болады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын
дамытуға 2006 жылға арналған
қаражатты пайдалану ережесіне

1-қосымша

Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне арналған субсидиялардың нормативтері

1. Сатылатын асыл тұқымды төлдерге арналған субсидиялардың нормативтері

Мал мен құстың түрлері мен тұқымдары	Сатылатын 1 кг тірі салмаққа арналған субсидиялардың нормативтері, (құнының 50% дейін) теңге							
	Ш ы ғ ы с аймағы		Б а т ы с аймағы		Солтүстік ж ә н е Орталық аймақтары		Оңтүстік аймағы	
	Асыл тұ - қым -	Мал - ды ас - ыл - дан -	Асыл тұ - қым -	Мал - ды ас - ыл - дан -	Асыл тұ - қым -	Мал - ды ас - ыл - дан -	Асыл тұ - қым -	Мал - ды ас - ыл - дан -

	д ы м а л з а у - ы т - т а - ры	д ы - р у - ш ы ш а - р у а - ш ы - л ы қ - тар	д ы м а л з а у - ы т - т а - ры	д ы - р у - ш ы ш а - р у а - ш ы - л ы қ - тар	қ ы м - д ы м а л з а у - ы т - тары	д ы - р у - ш ы ш а - р у а - ш ы - л ы қ - тар	қ ы м - д ы м а л з а у - ы т - тары	д ы - р у - ш ы ш а - р у а - ш ы - л ы қ - тар
Ірі қара мал:								
с ү т т і бағыттағы	92	84	90	82	94	83	88	80
оның ішінде голштино-фриз сиыры	95	87	95	87	95	87	95	87
е т т і бағыттағы:	90	82	88	80	93	85	86	78
оның ішінде герефорд сиыры			83	75	88	80		
Қойлар:								
биязы жүнді бағыттағы	95	87	93	85	98	90	92	84
жартылай биязы жүнді бағыттағы	95	87	93	85	98	90	92	84
жартылай ұяң ж ү н д і бағыттағы	93	85	91	83			91	83
етті-майлы бағыттағы: оның ішінде:								
Еділбай қойы			91	83	93	85	90	82
Қ а з а қ т ы ң қылшық жүнді құйрықты қойы	92	84	90	82	92	84	88	80
А т ы р а у елтірілік құйрықты қойы			90	82				
қаракөл қойы			85	78			83	76
Шошқалар	120	100	120	100	120	100	120	100
Жылқылар:								
с п о р т т ы қ бағыттағы	330	300			330	300	280	250
ө н і м д і к бағыттағы	92	84	93	85	94	86	89	81
Түйелер			84	77			83	75
Бұғылар	135	120						
Маралдар	135	120						

Түйе құстар					550			
-------------	--	--	--	--	-----	--	--	--

2. Тұқымдық бұқалар ұрығының бір дозасына субсидиялар нормативі

Асыл тұқымды өнімнің түрі	Ұрықтың 1 дозасына арналған субсидия нормативі, теңге (құнының 50 % дейін)
Тұқымдық бұқалардың ұрығы	160

3. Сатылған асыл тұқымды бір жұмыртқаға арналған субсидиялар нормативтері

Асыл тұқымды өнімнің түрі	Асыл тұқымды жұмыртқаның 1 данасына арналған субсидиялар нормативтері, теңге (құнының 50 % дейін)	
	Асыл тұқымды мал зауыттары	Асыл тұқымды шаруашылықтар
Тауық (жұмыртқалағыш) жұмыртқасы	20	18
Тауық (еттік) жұмыртқасы	45	40
Үйрек жұмыртқасы	24	20
Күркеауық жұмыртқасы	70	60
Қаз жұмыртқасы	70	60

4. Малды асылдандыру ісі үшін сатып алынатын жабдықтар мен техниканың құнының толық өтеу.

5. Малды асылдандыру орталығына асыл тұқымды бұқалар мен тұқымдық қошқарларды сатып алу, ұстау, олардың ұрығы мен эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеу.

6. Малды асылдандырушы шаруашылық үшін асыл тұқымды құстарды сатып алу және ұстау жөніндегі шығындарды толық өтеу.

7. Асыл тұқымды мал зауытында асыл тұқымды жылқыларды өсіру, ұстау, жаттықтыру, асыл тұқымды айғырлардың ұрығын сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеу.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын
дамытуға 2006 жылға арналған
қаражатты пайдалану ережесіне
2 - қ о с ы м ш а

" Б е к і т е м і н "
Облыс ауыл шаруашылығы
департаментінің басшысы

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

2006 жылғы " __ " _____

_____ облысы бойынша 2006 жылғы _____ ай үшін асыл
тұқымды _____ өнімнің _____ (материалдың)

(асыл тұқымды төлдер, тұқымдық бұқалар ұрығы, асыл тұқымды жұмыртқа - қажеттісі қалдырылсын) сатылуы және субсидиялар төлеу туралы

біріктірілген жиынтық ведомосі

Атауы		Жылдық квота		Сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) 1 бірлігі (кг т/с, доза, дана) үшін субсидиялар нормативі, теңге	Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) асылдандыру мақсатына сатылғаны (кг т/с, доза, дана)		Жыл басынан бері субсидияның тиегісілі сомасы, теңге	Жыл басынан бері төленгені, теңге	Субсидияның тиегісілі сомасының қалдығы, теңге	Төленуге тиістісі, теңге
ау-дан-ның	асыл тұқымды өнімді (материалды) сатушының	(кг, доза, дана)	теңге		жыл басынан бері	есеп-ті айдың ішінде				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

*Сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне жеке жасалады

Мал шаруашылығы бөлімінің бастығы

_____ (Т . А . Ә . , қ о л ы)

Бас бухгалтері

(Т.А.Ә., қолы)

Асыл тұқымды мал шаруашылығын
дамытуға 2006 жылға арналған
қаражатты пайдалану ережесіне
3 - қ о с ы м ш а

"Бекітемін"

2006 жылғы " _ " _

(аумақтық салық органының басшысы)

Салық органдарының республикалық және жергілікті бюджеттерге мерзімі ұзартылған салық берешегін өтеу бойынша есеп айырысуларға қатысатын асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерімен салыстыру актілерінің тізілімі

теңге

Бюджет кіріс-тері сыныптама-сының коды	Салық-тың (тө-лем-нің) атауы	Салық төлеу-шінің (асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектісінің) атауы, СТН-і орна-ласқан жері, салық органы-ның атауы, СТН-і	Салыс-тыру акті-сіне қол қойыл-ған күні	Өтеуге ұйғарылатын сома			
				республикалық бюджеттен түсетін салықтар бойынша			
				бар-лығы	не-гізгі төлем	өсім-пұл	айып-пұл
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Өтеуге ұйғарылатын сома							
жергілікті бюджеттен түсетін салықтар бойынша				барлығы			
барлығы	не-гізгі төлем	өсім-пұл	айып-пұл	бар-лығы (5+9 баған)	негізі төлем (6+10 баған)	өсім-пұл (7+11 баған)	айыппұл (8+12 баған)
9	10	11	12	13	14	15	16

Сомасы жазумен _____ теңге, оның ішінде республикалық бюджетке _____ теңге,

бюджетке _____ теңге, _____ теңге.

А у м а қ т ы қ с а л ы қ о р г а н ы

тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____ М.О.
(қолы) (Т.А.Ә.)

Асыл тұқымды мал шаруашылығын
дамытуға 2006 жылға арналған
қаражатты пайдалану ережесіне

4-қосымша

Салық комитетінің 200__жылғы "__" _____жағдай бойынша
республикалық және жергілікті бюджеттерге мерзімі ұзартылған
салық берешегін өтеу жөніндегі
_____ мен
(республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы)

жиынтық салыстыру актісі

теңге

Бюджет кіріс- тері сынып- тама- сының коды	Салықтың (төлемнің) атауы	С а л ы қ төлеушінің (асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектісінің) атауы, СТН-і, орналасқан жері, салық органының атауы, СТН-і	Өтеуге ұйғарылатын сома			
			республикалық бюджеттен түсетін салықтар бойынша			
			бар- лығы	негіз- гі төлем	өсім- пұл	айып- пұл
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Өтеуге ұйғарылатын сома							
жергілікті бюджеттен түсетін салықтар бойынша				барлығы			
барлығы	негізгі төлем	өсім- пұл	айып- пұл	барлығы (4 + 8 баған)	негізгі төлем (5 + 9 баған)	өсімпұл (6 + 10 баған)	айыппұл (7 + 11 баған)
8	9	10	11	12	13	14	15

Жиыны: Берешекті республикалық бюджеттен өтеуге ұйғарылатын
сома _____ теңге.

Салыстыру актісінің жасалған күні 2006 ж. "__" _____

Облыс салық комитетінің басшысы Ауыл шаруашылығы департаментінің
б а с ш ы с ы

(Т.А.Ә., қолы) (Т.А.Ә., қолы)
М.О. М.О.

